

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОГАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН КОМИТЕТ НАУКИ
ИНСТИТУТ ИСТОРИИ И ЭТНОЛОГИИ ИМЕНИ Ч.Ч. ВАЛИХАНОВА



Кенес Одағының батыры Мәншүк Мәметованың
туғанына 100 жыл толуына орай,

**«ҚАЗАҚСТАН ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА:
ТАРИХИ ЖАД ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТАРИХНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР»**
атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы
материалдарының жинағы

6 мамыр 2022 жыл

Сборник материалов

Республиканской научно-практической конференции
**«КАЗАХСТАН В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ:
ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ И СОВРЕМЕННЫЕ
ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ»,**
посвященной 100-летию рождения героя Советского Союза
Маншук Маметовой

6 мая 2022 года



Алматы, 2022

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОГАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН КОМИТЕТ НАУКИ
ИНСТИТУТ ИСТОРИИ И ЭТНОЛОГИИ ИМЕНИ Ч.Ч. ВАЛИХАНОВА**

Кеңес Одағының батыры Мәншүк Мәметованың
тұғанына 100 жыл толуына орай,
**«ҚАЗАҚСТАН ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА:
ТАРИХИ ЖАД ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТАРИХНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР»**
атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы
материалдарының жинағы

6 мамыр 2022 жыл

Сборник материалов
Республиканской научно-практической конференции
**«КАЗАХСТАН В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ:
ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ И СОВРЕМЕННЫЕ
ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ»,**
посвященной 100-летию рождения героя Советского Союза
Маншук Маметовой

6 мая 2022 года

Алматы, 2022

Данабаева Ж.Э.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі

Ақтөбе, Қазақстан

АТҚА ҚОНҒАН НӘЗІК ЖАН



Мәмбетжанова Дамелі Бектілеуқызы 1926 жылы Мұғалжар ауданы, Жағабұлак селосында шаруа отбасында дүниеге келген. 7 класстық білім алдып, енді бой жеткен шағына сұрапыл соғыс жылдары тұстас келіп, шаруашылықта ерте араласқан жап-жас талдырмаш қызы, 1943 жылы ауыл шаруалылық өндірісінде Буденний атындағы колхозда, «40 лет КазССР», (казіргі Құлжарған фермасы), «Жұрын» совхозында еңбек жолын бастап, сол уақыттарда түрмис күрады.

Қатал уақыт жастықтың нағыз салтанатты шағында жолын кесіп, майданға кеткен ер-азаматтардың елде атқарар еңбектері, нәзік жанды атқа мінгізді. Сол кездер елдің есін алған қаралы, ұзак жылдар болды. Дәмелі апай нақ осы кезде еңбек жолын бастады.

Ұлы Отан соғысы басталып қызу жүріп жатты, халықтың басына ауыртпалықтар түскен заман, тоқшылық жок, малшы да, басқа да мөлшермен азық-түлік алатын жағдайға жеткен кез. Сол отты жылдарда халықты сактап қалған бір нәрсе болса ол ынтымақ, еңбек пен тәртіп болатын. Адамдардың бір-біріне бауырмалдығы, қатаң талап қоятын тәртіп, дамылсыз еңбектің арқасында 1945 жылы Женіс туы желбіреп, халық еңсесін көтерді-ау.

Колхоздарды қайта үйымдастырудан кейін шопан көмекшісі Дәмелі Мәмбетжановага еңбекте жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін 1968 жылы «Мал шаруашылығының екінші класс шебері» деген атақ берілген.

Өзінің зерделілігі, еңбек сүйгіштігі арқасында қой бағуға байланысты көп нәрселерді қөңіліне түе білген. 1969 жылы дамылсыз еңбегінің арқасында Дәмелі апай «Жұрын» совхозының ага шопан атағын алады.

Қазақстан КП Ақтөбе облыстық комитетінің, облыстық атқару комитетінің және қәсіподактары облыстық Советтің шешімдері бойынша 1969-1972 жылдар аралығында жыл сайын Дәмелі апайға «Облыстың тандаулы шопанды» атағы берілген.

1969-1976 жылдар аралығында жыл сайын Бүкілодақтық Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне (ВДНХ) қатысып бір күміс, екі қола медальға ие болған.

Сол уақыттарда жыл сайын мал төлдейтін науқанда Дәмелі апайдың шаңырағына көмекке келуге күмар жандарда аз болмаған. Себебі Дәмелі апайдың мейірімділігі, қонақжайлығы, қайырымдылығы да мол жан, ағайын-туманың татулығын, амандығын үнемі тілеп отыратын. Жығылғанды тұрғызуға, сүрінгенде сүйеуге, ашты тойғызуға тырысатын. Анамның ел құрметіне бөленіп келгені осындай қасиеттері болса керек деп еске алады балалары.

Қаншама дәріптеп айтқанмен, алпысыншы жылдардың өзінде қойшының, малшының баласы ата-ананың жылы құшағынан ертерек шығып аудан орталығындағы интернаттарда жатып білім алатыны белгілі.

Бала кезінде жазғы демалысқа шыққаннан кейін ауылына келіп ата-анаға қой бағуға жәрдемдескен шақтарымызда анамыз май шайқап, құрт қайнатып, ірімшік жасап, табанан көметінің айтап, тамсанап қояды баласы Серікболат ағамыз.

Сол бір жылдарда қатты қыстың қарлы-борандарында қыншылықтарды жеңіп, талай-талай кірпік ілмеген қын күндерді бастан өткеріп, сан рет осылайша еңбек қындығын да тартты. Сол қатал қыста да мал шығынына жол бермеді. Қажырлы еңбек етіп, жылма –жыл төл алу және жұн қырқу жұмыстарында тәуір көрсеткіштерге ие болып жүрді. Себебі нағыз еңбек адамы болатын.

Ақтөбе облысының колхозшылары мен совхоздарындағы шопандардың 1970 жылғы төл алушағы көрсеткішінде Дәмелі Мәмбетжанова жоспарды артығынан орынданап өр жұз саулықтан 121 қозы алып, 9 орын алады.

**Ақтөбе облысының колхоздары мен совхоздарындағы шопандардың
1970 жылғы төл аудағы көрсеткіштері**

Адат ордени	Шопандың фамилиясы мен есімі	Шаруашылыктардың аттары	Аудағы	Көрсеткіштері		
				Береден сүр- жыктардың саны	Саласынан дан саны	До жұлай жылдан алған
1	2	3	4	5	6	7
1. Куанишбаев О.	Берснер атындағы совхоз	Ойыл	723	100	139	
2. Мамытов М.	«Жұрын» совхозы	Мұғаджар	790	100	134	
3. Мұканов К.	«Жарық» совхозы	Кобда	708	99,4	130	
4. Ержанов К.	Берснер атындағы совхоз	Ойыл	700	100	125	
5. Каражанов М.	«Копа» совхозы	Новоресей	768	99,6	124	
6. Куандыков Т.	«Сарыбұлак» совхозы	Шалкар	650	99,5	122	
7. Фалымов Б.	Кұрманов атындағы совхоз	Ойыл	898	100	121	
8. Жаманбаев Т.	Октябрьдің 50 жылдығы аттындағы совхоз	Алға	876	100	121	
9. Мамбетжанова Д.	«Жұрын» совхозы	Мұғаджар	797	100	121	
10. Хасенова Д.	«Жұрын» совхозы	Мұғаджар	737	100	120	
11. Жир С.	Калинин атындағы колхоз	Кобда	795	99	120	
12. Батырбаев М.	«Азаттарда» колхоз	Ленин	553	99	120	
13. Ыбраев Ш.	«Ильичев» совхозы	Мұғаджар	615	100	120	
14. Сарниязов Ж.	«Айшуак» совхозы	Шалкар	600	99,5	120	
15. Иманбаев О.	«Октябрь» совхозы	Ойыл	704	100	120	
16. Калымбаев С.	Тәжірибе станциясы	Новоресей	768	99	120	

2

Мал шаруашылығының дамуына қосқанқажырылы үлесі үшін 1971 жылды Еңбек Қызыл Ту орденімен, 1976 жылды Құрмет орденімен марапатталып, өз ісінің шебері ретінде жоғары баға берілген.

Тағдыр деген қызық нәрсе той, өмірден күткенің де, күтпегенің де бола береді. 1973 жылды жолдасы өмірден өтеді, бірақ Дәмелі апай жігерлі еңбегін тоқтатпай жалғастырып, халықпен бірдей күн көріп, тіршілігін жалғай береді. Тәжірибелі малшы кейін «Жұрын» қой шаруашылығы совхозының № 2 фермасында аға шопан болады.

1971-1977 жылдар аралығында «Жұрын» совхозы Құмжарған халықтық депутаттар кеңесінің селолық және ауылдық округіне депутат болып сайланады.

Ерен еңбегінің арқасында Дәмелі апа 1978 жылды «Еңбек ардагері» төсбелгісімен марапатталған.

Дәмелі апай зейнеткерлік демалысқа шыққаннан кейін, өткен күнге көз жіберіп, шүкіршілік қылыштың отыратын. Иә, еңбек еткен жылдары бекерге кетпеген, оған куә омырауына таққан орден, медальдары, одақтан, республикадан, облыстан алған Құрмет грамоталары өз алдына бір бөлек.

Жеке өмір жолында 4 бала тәрбиелеп өсірген ана. Озат шопанның перзенттерінің ішінде үлкені Серікболат Қазақстан геологиясы саласына еңбегі сіңген білікті маман болса, қыздары әр түрлі салада еңбек етіп еліне өз үлестерін қосып жүрген азаматшалар, кіші ұлы Бекболат ата-анасының жолымен ақ таяқтың мұрагері, жолын жалғастыруши. 1976 жылды Дадабаев Бекболат «Социалистік жарыс жеңімпазы» төсбелгісімен марапатталып, енбекке деген қызығушылығы одан әрі арта түседі. Анасы зейнеткерлік демалысқа шыққаннан кейін шопанның ақ таяғы жерде қалмай Бекболаттың қолына көшіп, шаруашылықты жалғастырады. Айта кететін бір нәрсе ана мен бала өмірінің арасында керемет бір сәйкестік бар сияқты.

Бүгінде Бекболат мал шаруашылығымен айналысып, «Бірлік» ЖШС ұжымының үйітқысы болғанына бірнеше жыл болды.

Иә, Дәмелі апайдың балалары осылай өркендер өсуде. Облыстық тарихи-өлкетану музейі үйімдастырган «Жәдігер жерде қалмасын» акциясы аясында Дәмелі Мамбетжанованың ауыл шаруашылығында еңбек еткен жылдары алған төсбелгілері, куәліктері, суреті т.б. құжаттарын баласы Серікболат Дағабаев тапсырып музей қорын толықтыра түсті.

Дәмелі Мамбетжанованың ауыл шаруашылығында еңбек еткен жылдары алған төсбелгілері, куәліктері, суреті т.б. құжаттарын баласы Серікболат Дағабаев тапсырып құжаттары музей қорының негізгі жөне қосымша қорларында сақтаулы түр.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1 Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің фото-құжат қорында сақталған НҚТ-17132-17142 Д.4734-4744, ҚҚТ-6512/1-30 санымен тіркелген құжаттардан алынды.

Талжанов Қ.А.

кіші гылыми қызметкер,

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі

Ақтөбе, Қазақстан

ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕН

(Ардагер Айыш Жанұзақова туралы)

Ұлы Женіс күні-өскелен үрпақтың Отан үшін от кешкен соғыс ардагерлеріне тағзым етер күн.

Фашистік Германия бастаған сұрапыл соғыс қазақ халқына да ауыр болды. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап қазақ жігіттерімен қатар нәзік жандылар да майдан шебіне тартылды.

Қазақ қыздары да соғыс ауыртпалығын ер азаматтармен бірдей көтерді. Майданға аттанған әйелдер мен қыздардың көбі медициналық санитарлық ботальондар мен госпитальдарда борышын өтеді. Қазақ арулары түрлі өскери қурамаларда болып, ерен ерлік үлгісін көрсетті.

Сол бейбіт өмірді қорғауға аттанған қазақ жігіттері мен қыздары қатарында ақтөбелік Айыш Жанұзақова апаймыз да бар болатын.

Көзі тірісінде Ұлы женістің 50 жылдығы қарсаңында Айыш апай отты майдандағы жолы жайлы Шалқар аудандық газеттерінің біріне берген сұқбатымен әңгімемізді жалғастырамыз [1, 8-б.].

«Әлі есімде деп бастаған Айыш апай әңгімесінде, - еліміз лаң салып тұтқылдан басталған Отан соғысына бір жыл болыпты. Елдегі азаматтар бірінен соң бірі майданға кетіп жатты. Адам баласының небір қын